ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

Экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасы

«Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы» пәні бойынша курстық жұмысты орындау үшін әдістемелік нұсқаулар мен тапсырмалар

Қарағанды – 2024 ж.

ҚҚУ – курстық жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар негізінде Экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасының аға оқытушысы, құқық магистрі Амантай А.А. құрастырды.

Экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедра отырысында қаралды «27» қыркүйек 2024 ж. Хаттама № 2

ЭҚҚР кафедрасының меңгерушісі

з.ғ.к.,профессор Н.Р.Весельская

Жалпы ережелер

Студенттердің өзіндік жұмыстар түрлерінің арасында Курстық жұмысын жазу маңызды орын алады. Курстық жұмысты дайындау және жазу үдерісі студентке азаматтық қатынастарын азаматтық-құқықтық нормалары арқылы реттеуінде пайда болатын мәселелерді зерттеуде, құқықтық нормаларын зерделеуде өздік ғылыми және тәжірибелік тәсілдердің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Курстық жұмыс студенттің азаматтық құқық аясындағы білім деңгейі, тәжірибелік ахуалдарды шешуде нормалардың қолдануын білу жөнінде айтуға мүмкіндік беретін өздік шығармашылығы болып табылады.

Курстық жұмысты орындаудың негізгі мақсаттары:

- азаматтық құқықтың нақты бір тақырыбы бойынша студенттің білімін терендету,
- теориялық және тәжірибелік материалдардың талдау әдістері мен дағдыларын тауып үйрену,
- өз ойларын дұрыс, айқын жазбаша түрде білдіру.

Сонымен бірге, курстық жұмысты жазу тағы да басқа мақсаттарды көздейді: студенттің өздік жұмысына бақылау жүргізу, жоғары оқу орынның бағдарламасын орындау, емтиханмен бірге, болашақ маман дайындығын тексеру әдістерінің бірі болып саналады. Курстық жұмысын орындау барысында студент құқық әдебиетімен жұмыс істей алатынын, азаматтық құқық тиісті көздерінің нормаларын талдап, қорытындыларды дәлелдеуін, және, ең бастысы-таңдаған тақырыпты ашу, білуін көрсетуге тиісті.

Курстық жұмыс жеке дара орындалады. Курстық жұмыс- тақырыбтың терең жаң-жақты тәжірибелік тұрғыда зерттелуіне және талқылануына байланысты ғылыми жетекшінің ұсынысы мен жұмыс ғылыми баяндама ретінде кезекті студенттік ғылыми конференцияға әрі алдағы уақытта дипломдық жұмыс жобасына негіз болады.

1. Тақырыпты таңдау.

Курстық жұмысқа дайындық тақырыпты таңдаудан басталады. Азаматтық –құқық ғылымы мен тәжірибесінің рөлі ескеріліп, нарық экономика жағдайында болашақ заңгер мамандарға қойылатын жаңа талаптарға сай тақырып өзекті болуға тиісті.

Азаматтық құқық бойынша курстық жұмыстардың үлгі тізімі осы әдістемелік нұсқауларда қосымша берілген. (Қосымша 1) Студент өзі тізімде көрсетілмеген тақырыпты таңдай алады, бірақ ол оқытушымен келісілген және осы оқу курстың шегінде болуға тиісті. Курстық жұмысты таңдағанда оның келешекте дипломдық жұмысында пайдалануы мүмкін болғаны жөн.

2. Әдебиетті таңдау

Студенттің әдебиетті зерделеуі және өздігінен жұмыс жоспарын жасау тақырып таңдаумен байланысты. Ең алдымен, тақырып мәселелерін (сұрақтарын) материалы ең оңай түрде берілген оқу әдебиеті бойынша (оқулықтар, оқу құралдары және т.б.) зерделеп, сонан соң нормативтік актілерді, арнайы құқықтық және экономикалық әдебиетті пайдалана отыра, тереңдете талдауға көшу керек. Әдебиет көздерін және заңнамалық актілерін пайдалану барысында конспект (қысқаша жазба) жасалады. Әдебиетті, азаматтық заңнаманы зерделей келе, студент курстық жұмысының жоспарын және қойылған сауалдарға жауаптардың мазмұнын ойластыруға тиісті.

3. Ақпарат дерек көздерін іріктеу және зерделеу

Студенттің әдебиетті зерделеуі және өздігінен жұмыс жоспарын жасауы тақырып таңдаумен байланысты. Ең алдымен, тақырып мәселелерін (сұрақтарын) жеңіл түрде берілген оқу әдебиеті бойынша (оқулықтар, оқу құралдары және т.б.) зерделеген жөн, сонан соң нормативтік актілерді, арнайы құқықтық және экономикалық әдебиеттерді пайдалана отыра, тереңдете талдауға көшу керек.

Әдебиетті, азаматтық құқық заңдылығын зерделей келе, студент курстық жұмыстың жоспарын және қойылған сауалдарға жауаптардың мазмұнын ойластыруға тиісті.

4. Курстық жұмысты дайындауға ғылыми жетекшілік

Курстық жұмысты жазғанда жалпы әдістемелік нұсқаулармен бірге жетекшінің нұсқауларын да пайдалану қажет. Бұл талаптардың орындалуы міндетті.

Жеке бір сұрақтарды зерделеумен байланысты кедергілер туса, студент курстық жұмыстың жетекшісінен көмек сұрай алады.

Курстық жұмыс студенттің таңдаған тақырыбы бойынша өзіндік жұмысының қорытындысы (нәтижесі) болып табылады. Жұмыс толық, айқын жазылып, ең бастысы - онда қойылған сұрақтар толық ашылуы қажет. Сұрақтар таңдалып, жүйеленген және зерделенген материалды өз сөзімен жазылған түрде баяндалуға тиісті.

5. Курстық жұмыстың мазмұнына және ресімделуіне қойылатын негізгі талаптар

5.1. Курстық жұмыстың құрылымы.

Курстық жұмыстың құрылымына келесілер кіреді:

- титул беті (Қосымша В, В1);
- мазмұны (Қосымша Г);
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі (Қосымша Д);
- қосымшалар.

Титул беті

Титул беті Курстық жұмыстың бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеу және іздестіруге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді.

Титул бетіне келесілер жазылады:

- унивеситет атауы,
- курстық жұмыс орындалған кафедра атауы,
- курстық жұмыс орындалған пән атауы;
- -«Тақырыбы:» деген сөздің көрсетілуімен, диплом жұмысының (жобаның) тақырыбының атауы;
- сол жағында - «орындаған:» сөзі, қарама-қарсы оң жағынан студенттің тегі мен инициалдары;
- бір жол төмен «ғылыми жетекші» деп жазылады және оның тегі мен инициалдары, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және жетекшінің басқа регалилері көрсетіледі;
- қала, жыл.

Титул бетте бет нөмірі қойылмайды.

Студенттердің курстық жұмыстарын жазуы кезінде оның әрбір бөлімінің келесі үлгідегі мазмұнын ұстанғаны дұрыс болады.

Мазмұны. Курстық жұмыстың (жобасының) мазмұнына Кіріспе, барлық бөлімдер, бөлімшелердің реттік нөмірлері мен атаулары, Қорытынды, Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардың атауы кіреді.

Кіріспе. Диплом жұмысы тақырыптарының өзектілігі негізделеді, жұмыстың мақсаты, міндеттері, зерттеу пәні, зерттеу әдістері, зерттеуге алынған ғалымдардың бірқатар тізімі тұжырымдалады.

Негізгі бөлім. Негізгі бөлім 2-3 тараудан тұруы мүмкін. Оның ішінде бөлімдердің өзі 2-3 параграфтан тұруы мүмкін. Автор тарауларда берілген тақырыптың теоретикалық және практикалық аспектілерін ашып қарастырады, статистикалық және сандық құжаттар ұсынады, бұл ақпараттар негізделген және нақты болуы тиіс. Мәтін бойынша ақпарат көздеріне сілтеме болуы керек.

Қорытындыда, зерттеу нәтижесінде жасалған және ұсынылған теориялық және тәжірибелік тұжырымдамалар мен ұсыныстар жинақталады. Олар, әзірлемелердің мазмұны, маңыздылығы, негізділігі мен тиімділігі туралы толық түсінік беретіндей қысқа және анық та, айқын болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Аталған тізім «Қорытынды» бөлімнен кейін диплом жұмысының соңында келтіріледі (Қосымша Д).

Аталған тізімге, студент нақты игерген және курстық жұмыста қандай да бір шекте пайдаланған дерек көздері ғана енгізілуі тиіс.

Тізімде ақпарат көздері, курстық жұмыстың мәтінінде оларды пайдалану жалғастығы ретімен көрсетілуі тиіс.

Қосымшалар. Қосымшаларға негізгі бөлімде көрініс таппаған, курстық жүмысты орындаумен байланысты материалдар енгізіледі.

Курстық жұмыста қабылданған шешім, барлық деректердің дәлдігі мен объективтілігі үшін студент – курстық жұмыстың авторы жауапты болады.

5.2. Курстық жұмыстың мәтінін ресімдеу тәртібі
Жалпы талап.

Курстық жұмысы А4 форматты ақ қағаздың бір жақ бетіне 1 интервал сақтай отырып, компьютер мен принтерді қолдана баспа әдісімен орындалуы тиіс. Шрифт-қалыпты, кегль 14, Times New Roman.

Курстық жұмыстың мәтінін, қағаз бетінің келесі мөлшерлерін сақтай отырып теру керек: оң жағы – 10мм, жоғары жағы - 20мм, сол жағы – 30мм және төменгі жағы – 25мм.

Әрбір тарауды жаңа беттен бастау керек. Параграфтар мен тармақтардың мәтінін, жеткілікті орын болған жағдайда, аяқталмаған беттің бос бөлігіне теруге болады.

Тараулардың, параграф пен тармақтардың атаулары арасындағы арақашықтық мәтіннен бір жолға шегінуді құрауы тиіс: параграф (тармақ) атауы мен мәтін арасындағы арақашықтық мәтіннен 2 жолды құрауы тиіс; алдындағы параграф (тармақ) мәтінінің соңы мен келесі параграф (тармақ) атауы арасындағы арақашықтық мәтіннен 2 жолға шегінуді құрауы керек.

Терілген мәтіннің және иллюстрациялар, кестелердің ресімделу, ЭЕМБ - дан басып шығарылу сапасы айқын қайталану талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

Курстық жұмысты орындау кезінде бүкіл мәтін бойынша біркелкі тығыздық пен бейнелердің анық көріну талабын сақтау қажет.

Курстық жұмыстың құрылымы

Курстық жұмыстың құрылымдық элементтерінің атаулары «Мазмұны», «Кіріспе», тараудың атауы, «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» диплом жұмысының құрылымдық элементтерінің негізгі тақырыптары болып табылады және Мазмұнында, сол сияқты абзацтан басталған диплом жұмысының мәтінінде БАС әріптермен жазылады.

Жұмыстың негізгі бөлімін тарауларға, параграфтарға бөлу көзделеді.

Тарау, параграф және тармақ тақырыптарға ие болуы тиіс. Тақырып тарау, параграф және тармақ мазмұнын анық және қысқа көрсетуі тиіс.

Параграфтың және тармақтың атауын, астын сызбай, соңына нүкте қоймай, шегініс жасап абзацтан БАС әріппен басу керек.

Курстық жұмыстың беттерін нөмірлеу

Курстық жұмыстың беттері, курстық жұмыстың бүкіл мәтіні бойынша қатар нөмерленуін сақтай отырып, араб цифрларымен нөмірлеу қажет. Беттің нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.

Титул беті, курстық жұмысқа тапсырма, Мазмұны, Кіріспенің бірінші бетін беттердің жалпы нөмірленуіне кіргізеді. Титул бетіне, Тапсырмада, Мазмұнында бет нөмірі қойылмайды. «3» цифры Кіріспенің екінші бетіне қойылады.

Жекелеген беттерге орналастырылған иллюстрациялар мен кестелер курстық жұмыс бетінің жалпы нөмерленуіне кіреді (немесе Қосымшада көрсетіледі).

Тарау мен параграфты нөмірлеу

Курстық жұмыстың тарауы абзацтан жазылады және соңына нүкте қойылмай араб цифрымен белгіленеді, реттік нөмірі болуы тиіс. Параграфтың әрбір тарауында нөмірі болуы қажет. Параграф нөмірі,

нүктемен бөлінген, тараудың және параграфтың нөмірінен тұрады. Параграф нөмірінің соңынан нүкте қойылмайды. Тарау мен параграф бір немесе бірнеше тармақтан тұруы мүмкін.

Иллюстрация және кестелер

Иллюстрацияны (сызба, карта, график, кескін, компьютермен басып шығарылған бет, диаграмма, түсірілген сурет) курстық жұмыста, олар жайында алғаш айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетке орналастыру қажет.

Иллюстрация мен кесте компьютермен орындалған және түрлі түсті болуы мүмкін. Жұмыста барлық иллюстрация және кестеге сілтеме жасау қажет.

Иллюстрацияны және кестені жұмыстың басынан аяғына дейін қалдырмай араб цифрымен нөмірлеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер және сілтемелер тізімі

Дерек көздері туралы мәліметті курстық жұмыстың мәтініндегі дерек көздеріне сілтемелер жасаудың реті бойынша орналастыру керек және абзацтан кейін араб сандарымен нүктесіз нөмірленеді.

Стандарт және техникалық шартқа сілтеме жасау кезінде олардың белгіленуі ғана көрсетіледі, бұл ретте пайдаланылған дерек көздері тізімінде стандарт толық сипатталған жағдайда олардың бекітілген жылын көрсетпеуге рұқсат етіледі.

Пайдаланылған дерек көздеріне сілтемелер квадратты жақшаға алынады. Мысалы, [2, 17б.] – бұл курстық жұмыс мәтініндегі 2 ші әдебиет болып табылады, сондықтан әдебиеттер реттік сан бойынша қойылады, мысалы, [1, 17б.]; [2, 25б.], [3, 77б.].

Заңның бабына немесе газеттегі ақпаратқа сілтеме пайдалану кезінде квадрат жақшада дерек көзінің нөмірін ғана көрсетуге болады, мысалы, [7].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде нормативтік құқықтық (заңды) актіні қолданған кезде актінің толық атауы, қабылданған күні және номірін көрсету керек (күші жойылған заң болса, күші жойылған деп жазылу керек).

Қосымша

Қосымшалар осы курстық жұмыстың жалғасы ретінде соңғы жақ парақта рәсімделеді.

Жұмыс мәтінінде барлық қосымшаға сілтеме берілуі тиіс. Қосымшалар мәтіндегі сілтеменің ретіне қарай орналасады.

Әрбір қосымша жаңа беттен басталып, «Қосымша» сөзі мен атауы беттің жоғарғы жағының ортасында көрсетілуі тиіс және ол курстық жұмыс жазылған тілге сәйкес белгіленеді, мысалы, (қосымша А).

6. Курстық жұмыстың түпкілікті нұсқасын ресімдеу

Курстық жұмыстың түпкілікті нұсқасы компьютерде басылған болуы тиіс.

Курстық жұмысының көлемі, оған тіркелген тиул беті, мазмұнын, қосымшаларды есептемегенде, қағаздың стандартты парағының 20-30 бетін құрауы тиіс.

Мәтінде абзац анық бөліп көрсетілуі тиіс. Абзац 1см құрауы тиіс.

Курстық жұмыстың жетекшісі ол туралы пікір дайындайды, онда объективті (оң немесе теріс) баға береді, атап айтқанда:

- жұмыстың рәсімдеуге сәйкестігі;
- техникалық кемшіліктері;
- студенттің қажетті нормативтік актілерге және арнайы әдебиеттерге зерттеу жүргізгендігі;
- жұмыс тақырыбы мазмұнының ашылғандығы;
- оң жақтары және кемшіліктері т.б.

7. Курстық жұмысты қорғау

Курстық жұмысты қорғау кемінде құрамында 3 мүшесі бар комиссиямен жүзеге асырылады.

Комиссия құрамына: курстық жұмыстың жетекшісі және курстық жұмыстарды қорғауды қабылдауға құқығы бар оқытушылар тізіміне кафедра меңгерушісі өкімімен енгізілген кафедра оқытушылары. Курстық жұмысты қорғау көпбалды әріптік жүйе бойынша бағаланады.

6В04212 «Құқықтану»
Экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасы.
«АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ»
пәні бойынша курстық жұмыс тақырыптары
2024-2025 ж.ж

1. Азаматтық құқықтағы мүліктік қатынастардың түсінігі және түрлері
2. Жеке мүліктік емес қатынастар азаматтық-құқықтың пәні ретінде
3. Азаматтық заңнаманың түсінігі мен жүйесі
4. Азаматтың құқық және әрекет қабілеттілігі
5. Дара кәсіпкердің құқықтық жағдайы
6. Заңды тұлғаның түсінігі және мәні
7. Заңды тұлғаның түрлері және ерекшелігі
8. Шаруашылық серіктестердің түсінігі мен түрлері
9. Акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде
10. Заңды тұлғалардың қайта құрылуы және таратылуы
11. Мемлекет азаматтық құқықтың субъектісі ретінде ерекшелігі
12. Азаматтық құқықтағы заңи деректердің (заңдық факті) түсінігі мен түрлері
13. Мәміленің түсінігі мен түрлері
14. Заттар-азаматтық құқықтың объектісі ретінде
15. Бағалы қағаздар – азаматтық құқықтың объектісі ретінде
16. Азаматтық құқықтағы өкілдік түсінігі және маңызы
17. Азаматтық құқықтағы мерзімдер түсінігі мен түрлері
18. Азаматтық құқықтағы шарттар: теория және практика мәселелері
19. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің түсінігі мен шарттары
20. Міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері
21. Азаматтық құқықтағы залалдар (зиян) түсінігі мен мазмұны
22. Меншік құқығының түсінігі және мазмұны
23. Азаматтық құқықтағы заттық құқықтар туралы ереже
24. Меншік құқығын қорғаудың заттық –құқықтық тәсілдері
25. Ортақ меншік құқығының түсінігі мен түрлері
26. Шарттың түсінігі мен түрлері
27. Жылжымайтын мүліктің азаматтық – құқықтық режимі
28. Кәсіпкердің құқықтық жағдайы және азаматтық құқықтық қорғалуы
29. Коммерциялық ұйымдардың банкроттығы
30. Бағалы қағаздар: ұғымы, белгілері және ҚР заңнамасы бойынша түрлері
31. Азаматтық құқықтағы мәміле ұғымы және шарттан айырмашылығы
32. Азаматтық құқықтарды қорғау және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік
33. Коммерциялық емес заңды тұлғалар – олардың құқықтық жағдайы
34. Талап мерзімі және оның азаматтық – құқықтық маңызы
35. Коммерциялық заңды тұлғалар, олардың құқықтық жағдайы
36. Пайда алушының мүддесіндегі басқа адамның мүлкін басқару құқығы
37. Азаматтық құқықтағы құқықтық мирасқорлық туралы ереже
38. Шаруашылық серіктестердің меншік құқығы және айырмасы
39. Коммерциялық емес ұйымдардың меншік құқығы
40. Мемлекеттік меншік құқығының түсінігі және мәні
41. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке меншік құқығы
42. Ортақ үлестік меншік құқығы
43. Кепілболушылық, кепілдік- міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері ретінде
44. Шарт мазмұны және жасау, өзгерту, және тоқтату тәртібі
45. Міндеттемелердің түсінігі және түрлері
46. Міндеттеме түсінігі, оның тараптары, міндеттемедегі тұлғаларды ауыстыру тәртібі
47. Мәміленің жарамсыздығы және оның салдары
48. Азаматтық құқықтық қатынастардың ұғымы мен түрлері
49. Сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушының құқықтарын қорғау
50. Сатып алу-сату шарты меншікке берудің негізгі шарты ретінде
51. Сатып алу-сату шартының жекелеген түрлерінің ерекшеліктері

52.Кәсіпкерлік шарттар жүйесіндегі тауар жеткізілімі шарты
53.Бөлшек сауда шартындағы сатып алушы құқықтарының ерекшеліктері
54.Сатушының тауарды сатып алушыға беру міндетінің орындалу тәртібі
55.Кәсіпорын - мүліктік кешен ретінде және оны сатудың шарттары
56.ҚР экономикалық-құқықтық қайта қалыптасуындағы тауар жеткізілімі шарты
57.Ауыл шаруашылық өндірушілерінің өнімдерін өткізу тәсілдері және олардың шарт ретінде құқықтық қамтамасыз етілуі
58.Энергиямен қамтамасыз ету шартын құқықтық реттеу ерекшеліктері
59.ҚР заңнамасы бойынша кәсіпорынды сату меншіктен айырудың ерекше нысаны ретінде
60.Сыйға тарту шарты- мүліктің басқа тұлғаға өтеусіз көшуі
61.Рента шартының құқықтық табиғаты
62.Кәсіпкерлік қызметтің міндеттеме жүйесіндегі мүлікті жалға беру шарты
63.Тұрғын үй жалдау шартын құқықтық қамтамасыз ету
64.Прокат шарты бойынша тұтынушының құқығын қорғау
65.Көлік құралдарын жалдау мүлік жалдау шартының бір түрі ретінде
66.Құрылыс мердігерлігі – кәсіпкерлік шарты бойынша тараптардың жауапкершілігі
67.Тұрмыстық мердігерлік шартын құқықтық реттеу
68.Лизинг қатынастары, оларды құқықтық реттеу
69.Нарықтық қатынастар жағдайындағы мердігерлік және ҚР заңнамасында сипатталуы
70.Құрылыс мердігерлігі- кәсіпкерлік шарт
71.Мердігерлік-жобалау, іздестіру ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік шарты
72.Тасымалдау қатынастарын реттеу: теория және тәжірибе мәселелері
73.Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау
74.Жүктің сақталмағандығы үшін тасымалдаушының жауапкершілігі
75.Теміржол көлігімен жүк тасымалдауды құқықтық реттеу
76.Тасымалдау шарты бойынша жолаушылардың құқықтарымен міндеттеріне қатысты мәселелер
77.Заем - ҚР заңнамасы бойынша оны құқықтық реттеу
78.Кәсіпкерлік қызметті банктік несиелендіру
79. Факторингтік қатынастарды құқықтық реттеудің ерекшеліктері
80.Есептесу міндеттемелерін құқықтық реттеу
81.Банк салымы шарты
82.Банктік қызмет көрсету –қазіргі заманғы кәсіпкерлік шарт
83.Шаруашылық жүргізуші қызметіндегі банк шоты шарты
84.Сақтандыру шартын құқықтық реттеу
85.Міндетті сақтандыру және оның түрлері
86.Сақтандыру шарты бойынша тараптардың жауапкершілігі
87.ҚР сақтандыру жөніндегі заңнаманы жетілдіру
88.Сақтандыру қатынастары, қазіргі кезеңдегі олардың құқықтық реттелуі
89.Сақтау шартын құқықтық реттеу
90.Сақтау шарты және оның жекелеген түрлерінің ерекшеліктері
91.Тауар қоймасында сақтау шартының ерекшеліктері
92.Тапсырма-заң қызметін көрсету тәсілі
93.Комиссия шартын құқықтық реттеу
94.Мүлікті сенімгерлікпен басқару-азаматтық құқықтағы қатынастардың жаңа түрі
95.Мемлекеттік қызметшінің мүлкін сенімгерлікпен басқару
96.ҚР-да франчайзингті құқықтық реттеу
97.Конкурстық міндеттемелер, оларды құқықтық реттеу
98.Тендерді конкурстық міндеттемелер түрі ретінде өткізудің құқықтық қамтамасыз етілуі
99.Сауданың құқықтық реттелуі
100. Зиян келтіруден міндеттемелердің пайда болу негіздері
101. Еңбек қатынастарынан келтірілген зиянның орнын толтыру ерекшеліктері
102. Азаматтың денсаулығына келтірілетін зиянның орнын толтыру жөніндегі азаматтық-құқықтық нормалар, оның құқықтарын қорғау кепілі
103. Азаматтардың өміріне келтірілген зия үшін жауапкершілік
104. Кәмелетке толмаған, әрекетке қабілетсіз тұлғалар келтірген зиян үшін жауапкершілік

105. Қатерлі қауіп көзінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша міндеттемелердің ерекшеліктері
106. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер
107. Моральдық зиян - азаматтық-құқықтың өтем институты ретінде
108. ҚР азаматтық заңнамасы бойынша шығармашылық қызметті құқықтық реттеу
109. Зияткерлік меншік құқығы жүйесіндегі авторлық құқық
110. Авторлық құқықты қорғау
114.Өнеркәсіп меншігі объектілерін патенттік қорғау
115.Селекциялық жетістіктерге қорғау құжатын алу ерекшеліктері
116.Интегралды шағын сызбалар тұрпаттамаларын құқықтық қорғау
117. Ашылмаған ақпаратты заңсыз қолданудан қорғау
118. Азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарлар мен қызметтерді дараландыруды құқықтық қамтамасыз ету
119. Тауар белгісі және оны құқықтық қорғау шарттары
120. Патент- зияткерлік қызмет объектісін қорғау құжаты
121. Зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқық беруді құқықтық қамтамасыз ету
122. ҚР азаматтық заңнамасы бойынша мұрагерлік.
123. Өсиет бойынша мұрагерлік-меншік құқығын іске асыру тәсілі ретінде
124. ҚР азаматтық құқығында мұрагерлердің құқықтарының қорғалуы
125. Мұрагерлік жөніндегі ҚР заңнамасын дамыту

ҚОСЫМША Б

Экономикалық қатынастарды құқықтық
реттеу кафедрасының меңгерушісі
з.ғ.к., профессор Н.Р.Весельскаяға
Ю-21-1к тобының студенті
М.А. Ахметовтан

Өтініш

Сізден «Азаматтық құқы» пәні бойынша №53 «**Сатып алу-сату шарты меншікке берудің негізгі шарты ретінде**» атты курстық жұмыстың тақырыбын бекітуіңізді сұраймын.

Сондай-ақ, осы тақырыптағы менің курстық жұмысымда плагиат элементтері болмайды деп мәлімдеймін.

Баспа, оқулықтардан және электронды дерек көздерінен, интернет сайттарынан, заңдаран, сондай-ақ бұрын қорғалған жазбаша жұмыстардан, кандидаттық және докторлық диссертациялардан тікелей алып пайдаланғандардың барлығына тиісті сілтемелерді көрсетемін.

Осыған сәйкес, егер плагиаттың анықталуы болған жағдайда жазбаша жұмысты қорғауға жібермеу және ҚҚарУ-тен шығаруға дейін тәртіптік шаралар қолдану үшін негіз болып саналатынымен, ҚҚарУ-де қолданылатын «Жазбаша жұмыстарды орындаудың дербестігін қамтамасыз ету және «ҚҚарУ-дегі Антиплагиат» жүйесінің жұмыс істеуі туралы Ережемен» таныспын.

Қолы
Күні

ҚОСЫМША В

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасы

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Пәні: «Азаматтық құқық»

Тақырыбы: «**Сатып алу-сату шарты меншікке берудің негізгі шарты ретінде**»

Орындаған:
Ю-21-1к тобының студенті Ахметова М.А.

Ғылыми жетекші:
аға оқытушы, заңтану магистрі Амантай А.

Қарағанды 2024

ҚОСЫМША В -1

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Қарағанды қаласының қашықтықтан оқыту факультеті

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Пәні: «Азаматтық құқық»

Тақырыбы: «**Сатып алу-сату шарты меншікке берудің негізгі шарты ретінде**»

Орындаған:
Ю-21в/к тобының студенті Ахметова М.А.

Ғылыми жетекші:
аға оқытушы, заңтану магистрі Амантай А.

Қарағанды 2024

ҚОСЫМША Г

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....3

1 . САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ.....4
1.1 Сатып алу –сату шартын реттейтін түсініктер мен нормалар.....4
1.2 Сатып алу –сату шартының элементтері.....12

2 . САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫНЫҢ МАЗМҰНЫ.....16
2.1 Сатушының міндеттері.....16
2.2 Сатып алушының міндеттері.....22

3 . САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ.....23

ҚОРЫТЫНДЫ.....28

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....30

ҚОСЫМША Д

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. **ҚР Конституциясы, 30.08.1995ж.**
2. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015ж 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. (соңғы өзгерістер **№ 479-V** Заңымен 01.01.2023).
3. Рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ.
4. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. 20.06.2003. №442. (соңғы өзгерістермен толықтырулар ҚР **№ 269-V** 01.01.2023).
5. Көпболов Р.А., Қосжанов А.С., Қаржасова Г.Б. Жер реформасын талқылау жалғасын табуда. Орталық Қазақстан 18.08.2016ж.
6. ҚР-ның Азаматтық Кодексі (жалпы және ерекше бөлімдер) 27.12.1994, 01.07.1999. (соңғы өзгерістер ҚР 27.02.2023 **№ 49-VI** Заңымен қолданысқа енгізіледі). **www.zakon.kz**
7. Г.Б Қаржасова, В.П. Пономарева Азаматтық құқық. Ерекше бөлім. Оқу құралы. – Қарағанды. ҚҚЭУ 2011.
8. Хамзин У.М. Азаматтық құқық. Шарттың түрлер. Қарағанды-2006ж
9. Г.И. Төлеуғалиев Азаматтық құқық. Ерекше бөлім, I том Оқулық. Алматы 1999ж.
10. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. (соңғы өзгерістермен толықтырулар **№ 501-V** Заңымен 01.01.2023).